

**8D05101 – «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша
Бакиров Серік Бакирұлының
«Қазақстанның оңтүстік – шығыс жағдайларына бейімделген бидайдың
қатты қара күйеге (*Tilletia* spp.) төзімді генотиптерін
идентификациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Қатты қара күйе ауруы күздік бидай өсірілетін барлық егіс алқаптарында кездеседі. *Tilletia caries* және *Tilletia laevis* тудыратын қатты қара күйе коздырғышы дәнді дақылдардың өнімділігі мен сапасына төмендетеді. Дүниежүзілік климаттың өзгеруіне байланысты қатты қара күйе дәстүрлі таралу аймақтарынан шығып, басқа аймақтарға тарап ауыл шаруашылығын үлкен шығындарға алып келуде. Аурудың алдын алу үшін химиялық жолмен күресу әдісі тұрақты түрде төмендеп келеді. Бұл жағдайға себеп молекула-генетикалық әдістерді қолдану болып табылады. Ауруға төзімді гендермен қорғалған бидай ұзақ уақыттар бойы патогенмен залалдануды тежейді соның нәтижесінде химиялық жолмен өндеуді тоқтатып, қоршаған ортаның ластануын болдырмайды, экологиялық таза өнім алуды қамтамасыз етеді.

Өндірісте бидайдың қатты қара күйесіне төзімді сорттар іс жүзінде жоқ. Бидайдың төзімді сорттарын шығару, әсіресе эпифитотия жылдары өндірістің тұрақтылығын, сонымен қатар егістіктің сапасын, құнын және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да ауруға төзімді әрі жоғары өнімді бидай сорттарын өсіруге бағытталған зерттеулер әрқашан өзекті болып табылады.

Бакиров Серік Бакирұлы диссертациялық жұмысында бидай үлгілерінің *Tilletia caries* (D.C.) Tul патогеніне төзімділігін фитопатологиялық, генетикалық, селекциялық және молекулалық әдістерді пайдалана отырып кешенді зерттеген. Егіс алқабында танаптық жасанды індет аясында бидай үлгілерін *Tilletia caries* (D.C.) Tul патогенімен залалдап, ауруға төзімді үлгілерді іріктеген. Заманауи молекулалық ПТР әдісін қолдана отырып, бидай үлгілерінен қатты қара күйеге төзімді *Bt8*, *Bt9*, *Bt10*, *Bt11* және *Bt12* ген көздерін тапқан. Бидай үлгілерінің өсіп, даму фазасында аурудың өсімдіктің биомасса индексі көрсеткішіне қалай әсер ететінін жан-жақты зерттеген. Сонымен қатар бидай үлгілерінің шаруашылық құнды белгілеріне құрылымдық талдау жұмыстарын жүргізген. Қатты қара күйеге (*Tilletia caries* (D.C.) Tul.) төзімді және өнімділігі жоғары бидай үлгілерін іріктеп өндіріске ұсынған.


Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша 11 ғылыми мақала жариялаған, оның ішінде 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, 2 мақала Қазақстан ғылыми журналдарында, 3 мақала Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған

халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 2 мақала Web of Science Core Collection және Scopus базаларына кіретін журналда жарыққа шыққан.

Ізденуші зерттеу жұмыстарында далалық және зертханалық зерттеулерді өзара байланыстыра отырып құнды нәтижелерге қол жеткізе білген.

Бакиров Серік Бакирұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайларына бейімделген бидайдың қатты қара күйеге (*Tilletia* spp.) төзімді генотиптерін идентификациялау» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған және 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 – Биология) және 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыттары бойынша философия докторы (PhD) дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте «8D05101 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға лайық деп санаймын.

Абай атын ҚазҰПУ
Қауымдастырылған
профессор м.а. PhD докторы



Ғалымбек Қ.